

**Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданы аумағында "Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 02 маусымдағы N 114 қаулысы.  
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 21 маусымда N 2548 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 123-бабына, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және 18, 43-баптарына, 43-1-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, ұсынылған жобаларды қарап, «Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» мемлекеттік мекемесін қолайсыз сыртқы әсерден ерекше күзету мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) жер учаскелерін жер пайдаланушылар мен меншік иелерінен алмай, Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданы аумағында «Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Қорық) ені 2 километрден кем емес қ о р ғ а у а й м а ғ ы ;

2) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қорықтың қорғау аймағының көлемдері мен ш е к а р а л а р ы ;

3) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 43-бабына және 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес Қорықтың қорғау аймағы аумағында табиғат пайдаланудың режимі мен тәртібі б е л г і л е н с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Г.В. Пинчукке ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Облыс әкімі

Б. Сапарбаев

Келісілді:

Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с т ы қ  
о р м а н ж әне а ң ш ы л ы қ

<i>инспекциясының бастығы</i>	<i>ш а р у а ш ы л ы ғ ы</i>	<i>а у м а қ т ы қ</i>
Шығыс	А. Калмыков	
2011	Қазақстан	облысы
№	жылғы	02
қосымша	114	әкімдігінің
		маусымдағы
		қаулысына

## **«Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағының көлемдері мен шекаралары**

1. Қорғау аймағының жалпы аумағы - 61437,5 гектар.
2. Күршім ауданының жерлерінде қорғау аймағы ені 2 километрден кем емес жаппай жолақ түрінде «Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» мемлекеттік мекемесінің шекарасын бойлай орналасқан.  
Қорғау аймағына «Марқакөл орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесіне тиісті - 33930,0 гектар, шаруа қожалықтарына тиісті - 11194,5 гектар және 16313,0 гектар босалқы жерлер кіреді.

<i>инспекциясының бастығы</i>	<i>Ш ы ғ ы с</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>о б л ы с т ы қ</i>
	<i>о р м а н</i>	<i>ж ә н е</i>	<i>а ң ш ы л ы қ</i>
	<i>ш а р у а ш ы л ы ғ ы</i>		<i>а у м а қ т ы қ</i>
	<i>А. Калмыков</i>		